

Шымкент қаласы білім басқармасының  
№31 «Терешкова атындағы жалпы  
орта білім беретін мектеп»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение  
«Общеобразовательная средняя школа  
№31 имени Терешковой»  
управление образования города Шымкент

**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2025 жылғы «*ӘБ*» қыркүйек  
Шымкент қаласы

№ 304  
город Шымкент

**«Нашақорлық пен есірткінің алдын алу  
іс-шара жоспарын бекіту» туралы**

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың «Нашақорлық пен есірткінің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу» мақсатында  
**Бұйырамын:**

- 1.«Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтардың, нашақорлық пен есірткінің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу» мақсатында мектепте 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілсін. Жауапкершілік ДТЖО Ғ.Нұскабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.
- 2.Түзілген іс-шара жоспары бойынша алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Мектеп оқушыларымен құқықбұзушылықтардың, нашақорлық пен есірткінің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу мақсатында сынып тәрбие сағаттары, диктант жаздыру, сауалнамалар алу іс –шаралары ұйымдастырылсын.
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың «Нашақорлық пен есірткінің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу» мақсатында құқық қорғау қызметкерлерімен, мамандармен кездесулер ұйымдастырылсын.
5. Нашақорлық пен есірткінің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу тақырыбында сынып аралық спорттық сайыстар ұйымдастырылсын. Жауапкершілік дене шынықтыру пәні ӘБ жетекшісі А.Елденбайға жүктелсін.
6. Нашақорлық пен есірткінің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу тақырыбында сурет байқаулары өткізілсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Ғ.Нұскабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Нурсейтов Е.К



**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің  
кәмелеттік жасқа толмаған мектеп оқушылары арасында  
нашақорлық пен есірткі заттарын қолданудың алдын-алу  
іс –шара жұмыс жоспары  
2025-2026 оқу жылы**

<b>Р/с</b>	<b>Өткізілетін іс-шаралар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1	Жасөспірімдер арасында нашақорлық пен есірткінің алдын алу бойынша жұмыс жоспарын құруып, бекіту.	Қыркүйек	ДТІЖО
2	Темекі, вейп, насыбайға әуестігі бар оқушыларды анықтап ата-аналарымен алдын алу іс –шараларын жүргізу.	Қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер
3	«Нашақорлық пен есірткенің алдын алу» тақырыбында тәрбие сынып сағаттарын өткізу.	Қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер
4	Сурет байқауы «Дені саудың тәні сау» /5-7 сыныптар аралығында/	Қыркүйек	Сынып жетекшілер Ә.Утенова
5	«Нашақорлық пен есірткінің алдын алу» тақырыбында құқық қорғау қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру	Жылына 2 рет	ДТІЖО Педагог –психолог Н.Сартаева Тұрысбек К
6	«Есірткінің және темекі шегудің зияны» тақырыбында сынып тәрбие сағаттарын өткізу.	Қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер
7	«Нашақорлық пен есірткіге еліктеудің адам ағзасына әсері» тақырыбында профилактикалық ағарту жұмыстарын жүргізу.	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекші Мектеп психологы
8	«Есірткі мен алкогольдің қолданудың зардаптары» тақырыбында сынып тәрбие сағаттарын өткізу.	Қазан	ДТІЖО Сынып жетекшілер
9		Қараша	ДТІЖО А.Утенова Арнайы маман
10	Психикалық денсаулық орталығының дәрігер мамандарымен кездесу ұйымдастыру	Қаңтар	ДТІЖО Ә.Утенова
11	«Нашақорлық –ғасыр дерті» ашық тәрбие сағаты	Қаңтар	ДТІЖО Сынып жетекшілері
12	«Темекі мен насыбай ату нашақорлыққа бастайтын баспалдақ» тақырыптық түсіндірме жұмыстарын жүргізу 5-6 сыныптар арасында	Желтоқсан	ДТІЖО Нарколог маман

13	«Нашақорлыққа жол жоқ!» атты акция «Салауаттылық өмір салтымыз» тақырыбында сыныпаралық спорттық сайыстар өткізу. /7-8 сынып арасында/	Қаңтар	ДТІЖО Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Ә.Утенова
14	«Темекі мен нашақорлыққа жол жоқ!» сурет көрмесі. /9-10 сыныптар арасында/	Ақпан	Сурет пән мұғалімдері
15	«Есірткі және құқық бұзушылық» атты заң қызметкерлерімен кездесу. /9-11 сыныптар арасында/	Наурыз	ДТІЖО Мектеп инспекторы
16	«Балалар мен есірткі» тақырыбында қабырға газеттер сайысын ұйымдастыру	Сәуір	Сурет пән мұғалімдері Сынып жетекші
17	"Біз салауатты өмір салтын тандаймыз" іс-шара ұйымдастыру	Сәуір	ДТІЖО Ә.Утенова
18	«Нашақорлық бұл ауру... Оны емдегеннен гөрі алдын алған жөн» атты сайыс ұйымдастыру. /8-9 сыныптар/	Мамыр	ДТІЖО Ә.Утенова Сынып жетекші
19	Лекция «Салауатты өмір салтын ұстану – әр азаматтың борышы»	Мамыр	ДТІЖО, Сынып жетекші

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі  
орынбасарлары: Ғ.Нұсқабаев, Қ.Калиева

Терешкова атындағы № 31 жалпы орта білім беретін мектебінде 7-11 сынып оқушылары арасында жасөпірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың, суицидтің, нашақорлықтың, буллингтің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, интернет алаяқтың алдын алуға арналған құқықтық лекция сабақтарының хаттамасы.

Өткізілген күні: 10.09.2025жыл

### Хаттама № 1

Қатысқандар: ДТІЖО-Ғ.Нұсқабай

Мектеп психологы: Абдумоминова З

Мектеп инспекторы: Э.Абдурахманова

7-11 сынып оқушылары

### Күн тәртібінде:

2. Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің және ҚК-нің әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылықтың сондай ақ тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу. Сонымен қатар темір жол өткеліндегі қайғылы жағдайлардың алдын алуы.

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабай сөз алып кездесудің мақсаты мен күн тәртібін таныстырып, төмендегіні айтып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы сөз алған ДТІЖО - Ғ.Нұсқабай тәртіп ережесі мектеп оқушыларының, құқықтары мен міндеттерін айқындап береді деді. Атап айтқанда мектептің ішкі тәртіп ережесі жана оқу жылының басында педагогикалық кеңесте бекітіліп және ата аналар жиналыстарында оқушыларға, ата-аналарға таныстырылып, толық ақпарат беріледі деді.

Қазақстандағы өкілетті органдармен бірге жүргізген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей ересектердің шамамен 75% отбасында балалардың мінез-құлқын қадағалап отыру үшін дене жазалауын қолдануды құптайтын көрінеді деді. 2-14 жас аралығындағы әрбір екінші бала отбасында зорлықпен тәртіпке салу шараларына душар болады. Кейде мектеп оқушылары басқа оқушылар немесе үлкендер тарапынан кемсітуге шалдығуы немесе соның куәсі болуы мүмкін. Зорлық-зомбылықты түп-тамырымен жою жолындағы айтарлықтай кедергі болып «зорлық-зомбылық» ұғымын түсіну аясының тарлығы болып табылады, аталмыш ұғым көбінесе тек дене жазалауына ғана қатысты қолданылады. Зорлық-зомбылыққа қорқытуды, психологиялық қысым көрсетуді немесе тіл тигізуді жатқызу таңсық жайт. Зорлық-зомбылық ұғымын дұрыс түсіну оның жағымсыз салдарынан хабардар болуды, оның барлық деңгейлерде қабылдамауды және зорлықпен тәрбиелеудің кез-келген түрін жоюды өз мақсаты деп біледі деді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Еңбекші АПБ КПБ жедел уәкілі полиция капитаны Н. Алтан.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Еңбекші АПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Э.Абдурахманова сөз алды.

Қазіргі уақытта интернеттің дамыған заманында, интернеталаяқтығы өршіп келуде. Алаяқтар азаматтарға қонырау шалып өз аттарына несие рәсімдеп, ақшаларын қауіпсіз есеп шотқа аударуды талап етсе, кейбірі қонырау шалып сіздің шотыңыздан террористік шотқа ақша аударылғаны туралы айтса немесе алаяқтарды ұстауға жәрдемдесуді өтінеді. Сонымен қатар полиция, поликлиника, пошта, банк т.б мекемелердің қызметкерлері болып өздерің таныстырып түрлі алаяқтық жолмен банк картаныздың шотын немесе смс арқылы сіздің ұялы телефоныңызға келетін бірнеше санды номер айтуын суранады. Бұндай жағдайларда тел сөндіріп 102 сымтетігіне хабарласу керек.

Өз сөзінде мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін біз зорлық-зомбылық бойынша мағлұмат беру арқылы жұмыстар жүргіземіз деді. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса адамзаттық, құқықтарымен бас бостандықтарымызды қорғауымыз керек деді. Зорлық –зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсер ететіні түсінікті. Оқушыларымыз жаман әдеттерден аулақ болуы үшін өз құқықығы мен міндеттерін толық білуі тиіс деді.

Зорлық-зомбылықтың түрлері:

Психологиялық кемсітушілік

Физикалық зорлық-зомбылық

Бопсалау

Кибербуллинг

Суицид

нашақорлық

Сонымен бірге ұлдар арасындағы зорлық-зомбылық қыздармен салыстырғанда көбірек болып келеді деді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

### **Қаулы:**

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу іс-шаралары үнемі жүргізіліп, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылсын. Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, педагог психологтар, мектеп инспекторы қылмыстың алдын алу, болдырмау, түзету жұмыстарын жандандырсын.

**Мектеп директоры**



**Е.Нурсентов**

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде  
Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың  
«Нашақорлық пен есірткенің, электрондық темекі/вейп тұтынудың  
алдын алу» атты тақырыпта өткізілген жиналыс хаттамасы

**Хаттама № 1**

Өткізілген күні: 15. 10. 2025ж

Қатысқандар: ДТЖО- F.Нұсқабай

Мектеп психологы: А.Мусакулова

Мектеп инспекторы: Э.Абдурахманова

8-10 сыныптар

**Күн тәртібінде:**

1. Кездесудің мақсатымен күн тәртібін таныстыру.

/ДТЖО F.Нұсқабай/

2. Нашақорлықтың жалпы түсінігі мен адам ағзасына тигізетін кері әсері бойынша баяндама.

/Мектеп психологы А. Мусакулова/

3. ҚР ӘҚБтК-нің және ҚК –нің баптары бойынша түсіндірме беру және әкімшілік құқықбұзушылық, қылмыстық құқықбұзушылық сондай ақ нашақорлық пен есірткенің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу.

/Мектеп инспекторы Э.Абдурахманова/

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп ДТЖО F.Нұсқабай сөз алып кездесудің мақсаты мен күн тәртібін таныстырып, төмендегіні айтып өтті. Халықтың есірткіге тәуелділік проблемасы қазіргі уақытта ғаламдық ауқымды өзекті болып, біздің заманымыздың ғаламдық проблемаларының біріне айналуда. Сонымен, Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес қаумдастығының мәліметтері бойынша, қазіргі таңда әлемде 180 миллионға жуық нашақор бар, оның ішінде жыл сайын 250 мың адам қайтыс болады. Бірқатар елдерде медициналық емес мақсаттағы есірткіні тұтынушылар саны осы елдер тұрғындарының 5-8 пайызы деңгейінде өзгеріп отырады. Сонымен бірге ДДСҰ-ның мәліметтері бойынша, егер ел тұрғындарының 7 пайызы есірткі қолданса, онды ел дағдарыс алдында тұр. Мұндай жағдай қоғам үшін ең қауіпті нәрсе деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп психологы А.Мусакулова сөз алды. Нашақорлық (грек тілінен «нарке»-үйқышылдық және «mania» жындылық, құмарлық) физикалық немесе психикалық тәуелділікпен, есірткіге тәуелділікпен көрінетін ауру. Психикалық тәуелділік-психикалық ауытқулардан аулақ болу үшін затты қабылдаудың паталогиялық қажеттегімен сипатталатын ағзаның күйі, бұл затты қабылдаудың тоқтатудан туындаған психологиялық ыңғайсыздық,

дегенмен абстиненция құбылысы мүмкін болған жағдайда. Нашакорлық-белгілі бір қоғамда әлеуметтік құбылыстың, аурудың-нашакорлықтың таралу дәрежесін білдіретін термин. Нашакорлық, ең алдымен, әлеуметтік аспект болып табылады, оның көптеген аспектілері бар. (Медициналық, құқықтық, биофизиологиялық, саяси, экономикалық)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Еңбекші АПБ ЖПҚБ ЮПБ аға УПИ полиция майоры Э. Абдурахманова сөз алды. Өз сөзінде ҚР ӘҚБтК-нің және ҚК-нің әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ҚР ӘҚБтК-нің баптары бойынша айтып өтті. Мысалы: ҚР ӘҚБтК-нің 442б 2 тармақ жасөспірім ата анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз түнгі уақытта сағат 23-00 ден кейін үй жайдан тыс жүруі. Сондай ақ бірінші рет анықталғанда жасөспірімнің ата-анасына немесе заңды өкіліне хаттама толтырылып ескерту беріледі. Бір жыл көлемінде жасөспірім қайта анықталса ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабының 3 тармағы бойынша хаттама толтырылып құжаттар сотқа жолданады. ҚР ӘҚБтК-нің 442 б-1 тармақ жасөспірім ата анасының немесе заңды өкілінің еруінсіз түнгі уақытта сағат 22-00 кейін ойын сауық (игротека) мекемелерінде анықталуы. Бұл жағдайда жасөспірімнің ата-анасына немесе заңды өкіліне хаттама толтырылып айыппұл салынады. ҚР ӘҚБтК-нің 127б -1 тармақ мектеп оқушысы сабақтан 72 сағаттан аса себепсіз калуы және т.б. Сондай-ақ жасөспірімдер тарапынан жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың белең алып барады. Ұрлық, төбелес, адам өміріне қауіп төндіретін іс-әрекеттер жиі орын алуда. Сондай ақ ҚР ҚК-ң 175,103,257 баптарымен таныстырып өтті.

#### Қаулы:

- 1.Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың нашакорлық пен есірткенің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу іс- шаралары үнемі жүргізіліп, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылсын.
- 2.Мектеп педагог-психологтары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, мектеп оқушылары арасындағы құқықбұзушылықтармен оқыс, қайғылы оқиғалардың алдын алу, болдырмау жұмыстары жандандырылсын.

Мектеп директоры:  Е.К. Нурсейтов

Хатшы:  Ж.Сартаева

**В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде  
Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың  
«Есірткісіз болашақ» іс –шара ұйымдастырылды.**

**Хаттама №3**

Өткізілген күні: 11.12.2018  
Қатысқандар: ДТІЖО- F.Нұсқабай  
Мектеп психологы: Б.Қошқарбаева  
Мектеп инспекторы: Э.Абдурахманова  
8-10 сыныптар

**Күн тәртібінде:**

1.Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың «Нашақорлық пен есірткенің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу»

/ Мектеп инспекторы: Э.Абдурахманова/

2.Есірткісіз болашақ

/ДТІЖО F.Нұсқабай/

**Тыңдалды.**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп инспекторы Э.Абдурахманова оқушыларға қазіргі заман жастарының көбісі нашақорлыққа, есірткі мен темекіге тәуелді болып жүр. Осылардың әсерінен адамдардың денсаулығына көп зиян келеді. Есірткіні қолданған адамның денсаулығында қан айналымы мен түрлі түзілістердің жұмысы қиындап, адамның өмір жасы азаяды. Сонымен қатар, түрлі ауруларға ұшырап, бет - әлпеті өзгеріске ұшырайды. Ісік ауруларымен көп ауыратын болып кетеді. Жалпы есірткі, БДСҮ - ның анықтауы бойынша ауру сезгіштікті жоятын химиялық ұнтақ. Алғаш болып «есірткі» деген анықтаманы сезгіштікті жолғалтуға алып келетін заттарды сипаттау үшін, грек елшісі Гипократ қолданған еді. Содан кейін, яғни XX ғасырда есірткіні қолдану кеңінен тарайды. Есірткі–адамның көңіл–күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тиым салынған химиялық зат. Ол адамның есін алып, құмарлық желігіне ұшыратады, нашақорлық есірткісіз өмір сүре алмайтын бейшара халге түсіреді. Есірткі-аса қауіпті, айығуы үмітсіз әлеуметтік дерт. Есірткі түрлері (психикаға белсенді әсер ететін заттар тобы)


1. Медицинада ауыруды басу үшін қолданылатын (апиын, опиум, опий) өнімдеріне морфин, кодеин, омнопон, промедол, метадон және т.б. немесе мактың көкнәрі жататынын түсіндірді.

ДТГЖО Г.Нұскабай сөз алып, төмендегідей түсіндіру жүргізді. Мектеп жасындағы оқушылар есірткіге тәуелділік темекіге/вейп тұтынудан бастау алатынын айта отырып, Есірткілердің бәрі өте қауіпті, зардабы ауыр. Ең үлкен қауіп –шамадан артық қабылдау. Бұл жағдайдың қауіптілігі соншалық тыныс алу кенет тоқтап қалады. Есірткіні көп қолдану салдарынан ойлау қабілеті тежеліп, түрлі елес, галлюцинация, адамның өзіне деген сенімсіздігі туады, тамақ кеуіп құрғайды. Адамның кеудесі қысылып тынысы тарылады, жүрек соғуы жиілеп, басы айналады. Көз қарашығы ұлғайып, құлағы шыңылдайды, жүрегі айнып локсиды, болар–болмыс нәрседен қорқып, үрейленіп жүреді. Бірте-бірте адам санасы тоқырауға ұшырайды. Көру қабілеті нашарлайды. Нашақор ұмытшақ, жалқау, дөрекі болып келеді. Есіл дерті наша тарту, онсыз күн жоқтай елететеді. Өз пікірімді қортындылай келе нашақорлық–денсаулыққа қатерлі дерт. Нашақорлық адам өміріне қауіпті оның тұқымқуалау қасиеттері де бар. Ол-түпсіз тұңғиық. Осы ақиқатты жастарға терең ұғындыра білуіміз керек. Одан аулақ болудың жолы-ешкашан оның дәмін татпау. Ал есірткі кармағына іліккендердің одан құтыламын деуі – тек өзін-өзі жұбату. Одан өлім ғана құтқарады. Бұл дерттен айығамын деген нашақор өзіне, ерік-жігеріне сенуі керек. Сонда ғана бір нәтиже шығуы мүмкін. Бұл үшін уақыт, темірдей төзімділік қажет. Тегінде шыныраудан шығу азабына түскеннен, сол құзға апаратын жолға түспеген жөндеп сөзін аяқтады.

#### Қаулы:

І.Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың «Нашақорлық пен есірткенің, электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу» іс-шаралары үнемі жүргізілсін.

Мектеп директоры:  Е.К. Нурсейтов

Хатшы:  Н.Ж.Сартаева

